«19» наурыз 2025 жыл №03 «19» марта 2025 года

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті

ШАҒЫМ

Ұйымдастырушы: "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" КММ, Орналасқан жері: Казахстан, Кызылорда, БЕЙБАРЫС СУЛТАН 1;

Шағымданушы: "«ALYSER» COMPANY" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 120400, Кызылординская область, Казалинский район, г.Казалинск, БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ, 13;

Конкурстың №: 14159873-1;

Хабарландырудың атауы: "Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" КММ үшін мемлекеттік сатып алу

Лоттың №: 76723780-ОК2;

Жұмыстардың атауы: Работы по установке/монтажу систем безопасности.

Біз, әлеуетті өнім беруші "«ALYSER» COMPANY" ЖШС, осы шағым арқылы, Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау туралы 25-бабын басшылыққа ала отырып, жоғарыда аталған конкурс бойынша ұйымдастырушының 18.03.2025 күні қалыптастырған №14552988 қорытындылар туралы хаттамасы нәтижесіне келіспеушілігімізді білдіреміз.

Себебі, жеңімпаз болып танылған әлеуетті өнім беруші "Атамұра - Жусуп" ЖШС ұсынған өз меншігіндегі 1 дана Газ 33021 маркалы борттық автокөлігі мемлекеттік тіркеу есебінен шығарылып тасталған.

Атап айтқанда, "Атамұра - Жусуп" ЖШС осы конкурстың құжаттамасы бойынша талап етілген борттық автомобиль орнына ұсынған өз меншігіндегі, мемлекеттік тіркеу нөмірі N859AX, көлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірі NX №00101018, Газ 33021 маркалы автокөлігі, eGov.kz порталының автокөлік тарихын тексеру сервисі және aster.kz сайтынан тексергенімізде мемлекеттік тіркеу есебінде жоқ екендігі анықталды. Тиісінше, "Атамұра - Жусуп" ЖШС ұсынған материалдық ресурсы конкурстың талабына сәйкес емес болып танылады.

eGov.kz порталының автокөлік тарихын тексеру сервисі және aster.kz сайты арқылы тексерілген скриншот дәлелдемелер осы шағымға қоса ұсынылады.

Осы аталған байланысты Сіздерден, қорытынды хаттама нәтижесін қайта қарап, комиссия мүшесінің шешімімен рұқсат берілген "Атамұра - Жусуп" ЖШС өтінімін қабылдамауға, хаттаманың қайта қалыптастырылуына ықпал етулеріңізді сұраймыз.

"«ALYSER» COMPANY" ЖШС директоры Е.Манабаев (ЭЦП қойылды)